

1 STATE LAW AND MANAGEMENT

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРАВО И УПРАВЛЕНИЕ

FTAXP 10.17.25

ЭОЖ 342.9.07

JEL K42

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-9-19>

ЖАНҰЗАҚОВА Л.Т.,^{*1}

з.ғ.д., профессор.

*e-mail: l.zhanuzakova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0005-0750-2614

БУРИБАЕВ Е.А.,²

з.ғ.д., профессор.

e-mail: yermek-a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0433-596X

АМИРОВ Н.К.,³

з.ғ.к., ассистент-профессор.

e-mail: nurlan.amirov@narxoz.kz

ORCID ID: 0009-0000-2525-1410

АЛИМБЕТОВА А.Р.,⁴

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: alimbetova.alida@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8675-9135

¹ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты,

Алматы қ., Қазақстан

²Жетісу университеті,

Талдықорған қ., Қазақстан

³Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

⁴Алматы гуманитарлық-экономикалық
университеті,

Алматы қ., Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК

ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУДЫ БАҚЫЛАУ

ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

Аңдатпа

Мақала Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде әдептілік қағидаттар мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бақылау жүйесін талдауға арналған. Аталған жүйе мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын, адалдығын және оған деген қоғамдық сенімді нығайтудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Зерттеуде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы, мүдделер қақтығысын болдырмаудағы және қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға жол бермеудегі әдептілік нормалардың маңызы айқындалады. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметтің тұрақты әрі тиімді жұмыс

істеуінде этиканың институционалдық рөлі ерекше мәнге ие екені көрсетіледі. Мемлекеттік бақылаудың институционалдық тетіктеріне айрықша назар аударылады. Атап айтқанда, әдеп жөніндегі уәкілдердің, кеңестердің, комиссиялардың және осы саладағы өзге де бақылаушы органдардың қызметі жан-жақты талданады. Сонымен қатар мемлекеттік бақылаудың нысандары мен әдістері қарастырылады. Олардың қатарына нормативтік-құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқына мониторинг жүргізу, қызметтік тексерулер өткізу және жауаптылық шараларын қолдану жатады. Бұл құралдардың өзара байланысымен практикалық тиімділігі ғылыми тұрғыда бағаланады. Зерттеу барысында мемлекеттік қызметте әдептілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын бақылау саласындағы шетелдік тәжірибе де зерделенеді. Халықаралық тәжірибені талдау ұлттық жүйені жетілдіру үшін қолдануға болатын озық тәсілдерді айқындауға мүмкіндік береді. Мақалада әдеп стандарттарының бұзылуын алдын алу, қызметтік мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және этикалық сауаттылық деңгейін арттырудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Мемлекеттік бақылаудың тиімділігі құқықтық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік шаралардың өзара үйлесімділігіне, мемлекеттік қызметтің ашықтылығы мен есептілігіне тікелей байланысты екені тұжырымдалады. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік қызмет саласында әдеп мәселелерін реттеу жүйесін және бақылау тетіктерін одан әрі жетілдіру барысында пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік бақылау, мемлекеттік қызметші, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық, әдеп жөніндегі уәкіл, әдептілік нормалар.

Кіріспе

Әдептілік нормалардың сақталуына мемлекеттік бақылау – мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етудің күрделі, бірақ аса маңызды міндеті. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу тетігінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

Мәселенің өзектілігі мынада, тиімді әрі жемқорлықтан ада мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру азаматтардың билік органдарына деген сенімін арттыруда маңызды факторлардың бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік басқару сапасының артуы мен ашықтық деңгейінің жоғарылауы қоғам мен билік арасындағы өзара сенім мен диалогтың дамуына оң ықпал етеді.

Әдептілік қағидаттар мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бақылау жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін қамтып, барлық мемлекеттік қызметшілерге қолданылады. Мақалада осы жүйеге кіретін органдардың құзыреттері мен қызметінің құқықтық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында әдеп жөніндегі уәкіл институтының құқықтық мәртебесі мен оның әдеп нормаларын сақтау жүйесіндегі функционалдық рөліне талдау жүргізіледі.

Заңнаманы және оны қолдану практикасын сыни тұрғыдан талдау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе негізінде еліміздің мемлекеттік қызметінде әдептілік қағидаттары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бақылаудың құқықтық реттелуі мен ұйымдастырылуын жетілдіруге арналған ұсынымдар әзірленеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің құқықтық негізін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңы, мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, сондай-ақ қызметтік әдепті реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Мақаланың эмпирикалық базасын әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі туралы есептер, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өзге де практикалық материалдары, тақырып бойынша жүргізілген социологиялық зерттеудің нәтижелері құрайды.

Зерттеу барысында мемлекеттік қызметтегі әдеп мәселелеріне арналған отандық ғалымдар – С. Джаненова, А. Карибай, Р. Тлеухан, Ж.Ж. Давлетбаева, А.В. Загребин еңбектері зерделенді. Сондай-ақ, АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Норвегия, Сингапур және өзге де елдердің мемлекеттік қызмет жүйелеріндегі этикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын бақылау тетіктерін зерттеген шетелдік ғалымдар L. Brown, R. Taylor, P. Karlsson, J.S.T. Quah еңбектеріне талдау жасалды.

Зерттеудің әдіснамасы өзара байланысты бірқатар әдістерді қамтиды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласындағы ұлттық заңнама мен оны қолдану практикасын зерттеу үшін формальды-құқықтық және жүйелік-құрылымдық әдістер пайдаланылды. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің заңнамасы мен мемлекеттік органдары қызметін салыстыру мақсатында салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді. Сонымен қатар нақты-әлеуметтік зерттеу әдістері, оның ішінде жинақталған SWOT-талдау, PEST-талдау және халық арасында жүргізілген анкеталық сауалнама қолданылды. Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасау да зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңына сәйкес уәкілетті орган мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтауына және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарайды [1]. Аталған бақылау сыртқы мемлекеттік бақылау нысанында жүзеге асырылады және оны Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қамтамасыз етеді. Оның мазмұны мемлекеттік қызметке қабылдау, оны өткеру үдерістері және қызметтік әдеп талаптарының сақталуын қамтиды. Сонымен қатар уәкілетті орган әдеп бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған қызметті үйлестіру арқылы мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді [2].

Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін қарау әртүрлі мемлекеттік органдардың құзыретіне жатады. Атап айтқанда, бұл өкілеттіктер Қазақстан Республикасының Президентіне, Президент Әкімшілігінің Басшысына, Үкіметке, Премьер-Министрге және өзге де мемлекеттік органдардың басшыларына тиесілі. Дегенмен, негізгі функциялар арнайы лауазымды тұлға – әдеп жөніндегі уәкіл арқылы жүзеге асырылады.

Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттік қызметші, ол мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтау, қызметтік әдепті қамтамасыз ету, бұзушылықтарды алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін орындауын қадағалаумен айналысады. Әдеп жөніндегі уәкілдің лауазымы аумақтық бөлімшілері немесе шетелдік мекемелері бар орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ әкімдіктер аппараттарында енгізіледі. Мұндай тұлғалар орган басшысына бағынып, әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін үйлестіреді және әдістемелік басшылық жасайды. Аумақтық бөлімшелері жоқ мемлекеттік органдарда бұл функциялар кеңесшіге немесе басқа мемлекеттік қызметшілерге жүктеледі. Мұндай лауазым төмен тұрған деңгейдегі әкімдер мен мәслихат аппараттарында да жоқ, дегенмен оны құруға нақты қажеттілік бар. Бұл функцияны тиісті органдар басшыларына немесе басқа да мемлекеттік қызметшілерге жүктеу оларды ынталандырмайды, өйткені қосымша ақысыз жүктеме болып табылады. Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарда, Қорғаныс министрлігінде әдеп жөніндегі уәкілдің лауазымы енгізілмейді. Бұл жағдайдың нақты себебі белгісіз. Социологиялық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік қызметшілер арасында этикаға сай келмейтін мінез-құлықтың белгілі бір деңгейде орын алатыны байқалады (57%). Сонымен қатар респонденттердің 48%-ы аталған органдарда сыбайлас жемқорлық деңгейінің жоғары екенін атап өткен. Бұл көрсеткіштер мемлекеттік органдармен, соның ішінде полиция және күштік құрылым өкілдерімен өзара әрекеттесу барысында азаматтардың сенім деңгейінің төмендеу үрдісін көрсетеді.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары мен құқықтары арнайы Ережеде анықталған [2]. Олардың талдауы көрсеткендей, ол мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдеп нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бөлігінде мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы сақтауға көмектеседі, заңнама нормаларын түсіндіру, олардың сақталуын бақылау, осы нормаларды тікелей қолдану кезінде консультациялар мен кеңестер беру, олар бұзылған жағдайда туындайтын теріс салдарды түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу арқылы жүзеге асырылады. Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын бақылау және ұжымдағы моральдық-

психологиялық климатты бағалау мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл кемінде жарты жылда бір рет уәкілетті орган бекіткен форма бойынша анонимді сауалнама жүргізу тиіс [3].

Сауалнама формасымен танысу көрсеткендей, негізгі назар мемлекеттік қызметшінің өз тікелей басшысымен қарым-қатынастарына бағытталған. Әрине, бұл мемлекеттік органдағы моральдық-психологиялық климаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда, қызметтік этика нормаларына қатысты көптеген сұрақтар назардан тыс қалады. Мысалы, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау және бұзу туралы сұралмайды, ал мұндай анонимді сауалнама олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды қаншалықты білетінін, осы мәселеге деген нақты көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде әдеп жөніндегі уәкілге мемлекеттік қызметшілерге түсіндіру жұмысын жүргізу, оқыту лекциялар мен семинарлар ұйымдастыру бойынша өз қызметін түзетуге көмектеседі. Мұндай тәсіл әдеп жөніндегі уәкілдің функциясына сәйкес келеді – мемлекеттік қызметшілердің заңмен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауын қамтамасыз етуге ықпал ету. Сонымен қатар, заңмен белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысынан аулақ болу – қызметтік әдептің ең маңызды стандарттарының бірі болып табылады. Сауалнама формасында азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік нормалардың сақталуына қатысты сұрақтар қарастырылмаған, алайда бұл да қызметтік әдеп стандарттарына кіреді және ұжымдағы моральдық-психологиялық климатты сипаттайды. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілерді сауалнамаға тартқанда сұрақтар тізімін кеңейту қажет. Олар қызметтік әдеп стандарттарының барлық талаптарын қамту тиіс.

Әдеп жөніндегі уәкіл құқық қорғау функциясын мемлекеттік қызметшілердің өз құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда жүзеге асырылады. Алайда, олардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру бойынша қабылданатын шаралар нақты Ережеде көрсетілмеген. Бұл, әдетте, мемлекеттік қызметшіні негізсіз тәртіптік немесе басқа құқықтық жауапкершілікке тарту, әділетсіз жаза қолдану, немесе басқа мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдеп талаптарын бұзып, ешқандай жауапқа тартылмауы сияқты жағдайларға қатысты болуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру шараларын нақтылау орынды. Ережемен қарастырылған іс-қимылдардан бөлек, әдеп жөніндегі уәкілге келесі құқықтарды беру ұсынылады: мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын беру; өз органының басшысына, сондай-ақ жоғары тұрған орган басшысына мемлекеттік қызметшіге қатысты қабылданған заңсыз шешімді, оның ішінде заңсыз тәртіптік жаза қолдану мәселелері бойынша, жою туралы ұсыныстар енгізу.

Әдеп жөніндегі уәкіл халықпен өзара әрекеттеседі, бір жағынан, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзғаны туралы азаматтардың шағымдарын қарастыру арқылы. Екінші жағынан, қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасау арқылы. Екі жағдайда да мұндай өзара әрекеттесудің негізгі мақсаттары – мемлекеттік қызмет саласындағы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнаманың және Әдеп кодексі талаптарының бұзылуын алдын алу және болдырмау, бұрын жіберілген бұзушылықтарды жою, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру. Бұл мақсаттар ҚР Президенті бірнеше рет атап өткен «тыңдайтын мемлекет» қағидаттарына сәйкес келеді. Үшінші бағыт – әдеп жөніндегі уәкілдің өз жұмыс істейтін орган басшылығымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара байланысы. Оның өкілеттігіне қызметтік әдеп нормаларының бұзылу фактілері туралы хабарлау, құқықбұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар бойынша талдау жүргізу, оларды жою жөнінде ұсынымдар енгізу, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органның оң имиджін қалыптастыруға және ұжымдағы жағымды ахуалды дамытуға елеулі үлес қосқан тұлғаларды көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу кіреді. Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкіл сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен мемлекеттік қызметшілерге қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдарды мониторингтеу барысында анықталған теріс материалдар бойынша өзара әрекеттеседі, әсіресе сыбайлас жемқорлық тәуелдеріне ұшырайтын лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілерге қатысты.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі олардың жылдық типтік жұмыс жоспарларына әртүрлі профилактикалық іс-шараларды енгізу арқылы ұйымдастырылады. Аталған іс-шаралар түрлі форматта жүзеге асырылады: тренингтер, кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, Zoom-конференциялар, онлайн-оқыту, ұсыныстар, хаттар

жіберу, профилактикалық әңгімелер, сауалнамалар, есептерді тындау, жазбаша ескертулер, бей-нематериалдар, БАҚ және әлеуметтік желілерде жарияланымдар, ақпарат беру және т.б.

Дегенмен, кейбір мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдердің есебін қарағанда [4; 5], олардың қызметіне қатысты үстірт қарау, формальды тәсіл байқалады. Формальды түрде профилактикалық әңгімелер мен семинарлар өткізілген, заңнама бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Әлеуметтік желілер мониторингiленген, БАҚ-та мақалалар мен материалдар жарияланған, азаматтарды қабылдау ұйымдастырылған, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері бар. Алайда есептердің мазмұны негізінде қалыптасқан көрініс объективті жағдайды толық көрсетпейді: мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері дерлік жоқ деп көрсетіледі, азаматтар олардың жұмысына толығымен риза, мемлекеттік органдардағы моральдық-психологиялық климат жоғары деңгейде деп бағаланған. Шын мәнінде, мұндай толық қанағаттану жағдайлары мүмкін болса да, халықтың пікірін ескергенде олар сирек кездеседі және болжау қиын.

Халықтың мемлекеттік қызметтің адалдығы, әдептілігі, ашықтығы мен тиімділігі мәселелеріне көзқарасын зерделеу бойынша жүргізілген социологиялық зерттеу көрсеткендей, қоғамдық пікір мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауы тұралы екіұдай болып келеді. Респонденттердің шамамен жартысы бейтарап, бестен бір бөлігі сенімсіздік білдіреді, ал үштен бір бөлігі оң бағалайды. Бұл мемлекеттік қызмет жүйесінде проблемалық аймақтардың бар екенін және белгілі бір деңгейдегі сенімнің бар екенін көрсетеді. Оны ашықтықты арттыру және кәсіби мәдениетті күшейту арқылы нығайтуға болады. Алайда, зерттелген есептер көрсеткендей, азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу өте әлсіз жүргізіледі, көбіне тек азаматтарды қабылдау, олардың өтініштерін қарау және БАҚ-та мақалалар жариялау деңгейінде шектеледі. Есептерде көбіне тек мемлекеттік қызметшілерді сауалнамаға қатыстыру фактісі көрсетіледі, бірақ сауалнамаға қатысқан қызметшілердің саны, ұжымдағы моральдық-психологиялық климаттың жағдайы және сауалнама нәтижелері бойынша қабылданған шаралар туралы деректер толық берілмейді. Сонымен қатар, зерттелген есептерде мүдделер қақтығысы мәселесіне және оны жою бойынша қабылданған шараларға назар аударылмаған.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің негізгі міндеті – өз жұмысында тек қана оң нәтижелерді тіркеу емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің қызметіндегі проблемаларды анықтау. Бұл қызмет мемлекеттік қызметшілердің әдеп талаптарын және басқа да қызметтік тәртіп нормаларын сақтауы, заңнаманы бұзу фактілерін анықтау, бұған ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдау, сондай-ақ оларды жою бойынша нақты ұсыныстар енгізуді қамтиды. Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметіне қатысты материалдардың уақытылы жарияланбауын да атап өту қажет. Оңтайлы жағдайда агенттік қоғамдық кеңесі отырыстарында қаралған уәкілдердің қызметі туралы қысқаша ақпарат немесе БАҚ материалдары орналыстырылады. Интернет-ресурстың осы деңгейдегі толтырылуы, бәлкім, мемлекеттік қызметтегі әдеп нормаларын сақтау мәселелерінің агенттіктің басты назарында еместігін көрсетеді. Мұндай тәсіл әдеп жөніндегі институт қызметін сыни тұрғыдан талдауға, оның әлсіз тұстарын анықтауға және анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің төмен тиімділігі мәселелерін зерттеген ғалымдар келесі себептерді анықтады: әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, психология және қақтығыстарды басқару мәселелері бойынша жүйелі оқытуға, тәжірибе алмасуға және әдістемелік қолдауға қажеттілік; өңірлерде қосалқы аппаратсыз жұмыс істеудің қиындығы; тікелей басшының әдепке қайшы мінез-құлқы жағдайларындағы мүдделер қақтығысы; әдеп жөніндегі уәкілдің өз мемлекеттік органының басшысына немесе Агенттікке қосарлы бағыныштылығының болуы; мемлекеттік қызмет әдебін ілгерлету жөніндегі жұмысқа азаматтық қоғамның төмен деңгейде тартылуы және т.б. [6; 7, 34–39 б.]. Азаматтық қоғам институттарымен мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттестігін арттырудың күшейтудің тиімді жолдарының бірі ретінде әдеп жөніндегі уәкілдер жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру ұсынылады. Мұндай құрылымдардың құрамына азаматтық сектор өкілдері, БАҚ өкілдері, сондай-ақ мүмкіндігінше мемлекеттік органдардың қызметін қоғамға кеңінен таныта алатын танымал блогерлерді тарту орынды деп саналады.

Әдепті сақтау мәселелеріне қатысты бақылау мен мониторингтің нақты тетіктерінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ осы саладағы нормативтік ережелердің әртүрлі талқылануы мен қолданылуы ғылыми әдебиеттерде де атап өтіледі. Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкілдердің мемлекеттік қызметшілер тарапынан этикалық нормалардың бұзылуына байланысты жауапкершілік мәселелерін өз бетінше қарау өкілеттігінің болмауы және олардың ұсынымдарының міндетті сипатқа ие еместігі де көрсетілген [7, 37 б.]. Ереженің 7-тармағында уәкілге мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығына, соның ішінде мүдделер қақтығысының туындауына байланысты күмән пайда болған және бұл олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін жағдайларда, дербес әрекет ету құқығы берелетіні көзделген [3]. Алайда бұл норма нақты іске асыру тетіктерімен және қосымша құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етілмегендіктен, декларативтік сипатта қалып тұр. Мұндай жағдайда уәкілдің мемлекеттік орган басшысымен тікелей қызметтік қақтығысқа түсу ықтималдығы артып, оның тарапынан қысымға ұшырау қаупі туындайды. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік органдарда уәкілдің дербес штаттық лауазымының болмауы, ал әдеп нормаларын насихаттау функцияларының өзге қызметкерге немесе мемлекеттік қызметшіге жүктелуі бұл норманың іс жүзінде тиімді жүзеге асырылуын шектейді.

Осыған байланысты, әдеп жөніндегі уәкілдердің институционалдық тәуелсіздігін арттыру мақсатында олардың қосарланған бағыныштылығы мен есептілік тетіктерін жойып, бір ғана тік бағыныштылықты – Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне бағыныштылықты белгілеу орынды болып табылады. Бұл шара уәкілдердің қызметтік дербестігін қамтамасыз етіп, олардың шешім қабылдау барысындағы объективтілігі мен бейтараптығын күшейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, әдептілік нормаларының бұзылуының алдын алу тәсілдерін қайта қарау қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, негізінен жазалауға бағытталған бақылау моделінен ынталандыруға негізделген алдын алу моделіне көшу ұсынылады. Осы мақсатта мемлекеттік қызметшілердің әдепті мінез-құлқын қолдауға және көтермелеуге бағытталған ынталандыру механизмдерін енгізу, сондай-ақ олардың кәсіби беделі мен этикалық мәдениет деңгейін айқындайтын әдептілік рейтингін қалыптастыру тиімді шара ретінде ұсынылады [8, 157 б.].

Талданып отырған мәселенің өзектілігін ескере отырып, аталған саладағы халықаралық тәжірибеге жүгіну орынды. Мәселен, АҚШ-та мемлекеттік қызметтегі әдепті бақылау федералдық және жергілікті деңгейдегі әдептілік комиссиялары арқылы жүзеге асырылады. Федералдық әдеп комиссиясының негізгі функцияларына әдеп стандарттарын белгілеу, мемлекеттік қызметшілерді оқыту, заңнаманың сақталуын бақылау, тергеу жүргізу және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту жатады [9]. Сонымен қатар, АҚШ-та арнайы кеңесші офисі (Office of Special Counsel, OSC) қызмет атқарады, ол әдептілікке қатысты бұзушылықтар туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшілерді қорғауды қамтамасыз етіп, құқыққа қайшы әрекеттерді тергейді. Ұлыбританияда мемлекеттік қызметтегі әдепті бақылау Мемлекеттік қызметтегі стандарттар жөніндегі комиссиясы арқылы жүзеге асырылады. Аталған комиссия мемлекеттік қызметшілерге арналған мінез-құлық кодекстерін әзірлеумен айналысады, олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді, әдептілік нормаларын бұзу мәселелері бойынша шағымдарды тергейді және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға қатысты ұсынымдар береді [10]. Скандинавиялық елдер мемлекеттік қызметтің жоғары ашықтығымен және жемқорлық деңгейінің төмендігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, Швеция мен Норвегияда әдеп мәселелері бойынша тәуелсіз кеңестер қызмет атқарады, олар әдептілік нормаларының сақталуын бақылау, тексерулер жүргізу және тиісті ұсынымдар беру өкілеттіктеріне ие [11].

Азия елдерінің тәжірибесі де ғылыми тұрғыдан талдауды талап етеді. Бұл мемлекеттер мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін арттыруда, ашықтық пен адалдық қағидаттарына негізделген институционалдық құрылымдарды қалыптастыруда елеулі нәтижелерге қол жеткізген. Аталған елдерде әдептілік қағидаттарының сақталуын бақылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады. Сингапур аталған салада үлгілі тәжірибе ретінде қарастырылады. Елде әдеп пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қатаң бақылау жүйесі қалыптасқан, оны Жемқорлыққа қарсы тергеу бюросы (CPIB) жүзеге асырады. Аталған органға тергеу жүргізу, қамауға алуға және айып тағу өкілеттіктері берілген. CPIB қызметінің тиімділігі мен қатаң құқықтық реттеу әдептілік нормаларының

кеңінен сақталуына ықпал етеді [12]. Оңтүстік Кореяда Адам құқықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясы (ACCRC) қызмет атқарады. Аталған орган азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп, мемлекеттік қызметтегі әдептілік нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге арналған оқыту және ағартушылық іс-шараларды жүйелі түрде жүргізеді.

Алайда, аталған және өзге де елдердегі оң нәтижелерге қарамастан, мемлекеттік бақылау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелерде әдетте бірқатар жүйелік әлсіз тұстар сақталуда. Оларға материалдық-техникалық ресурстар мен және білікті кадрлардың жеткіліксіздігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың саяси ықпалға ұшырау қаупі, өкілеттіктер ауқымының шектеулілігі, қызметтің ашықтығы деңгейінің төмендігі және қоғаммен кері байланыс тетіктерінің жеткілікті дамымауы жатады. Сонымен қатар, бюрократиялық кедергілер мен тергеу рәсімдерінің күрделілігі, сондай-ақ киберқауіптер мен әлеуметтік желілердің ықпалы сияқты технологиялық факторлар да бұл жүйелердің тиімділігіне теріс ықпал етеді.

Дамыған мемлекеттердің өзінде де заңнама мен құқық қолдану барысында Қазақстандағыдай кейбір мәселелер орын алады. Алайда, Қазақстанмен салыстырғанда, аталған елдерде бұл кемшіліктердің ауқымы шектеулі болып, сыбайлас жемқорлық деңгейі айтарлықтай төмен. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық тәжірибені жүйелі түрде зерделеу, мемлекеттердің күшті және әлсіз тұстарын сыни талдау Қазақстанда әдептілік нормаларының сақталуын бақылау және сыбайлас жемқорлықты азайтуға бағытталған тиімді тетіктерді әзірлеуге негіз бола алады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу әдеп жөніндегі уәкілдердің құқықтық мәртебесін реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдірудің, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін арттыруға және қызметінің тиімділігін күшейтуге бағытталған ұйымдық шараларды қабылдаудың өзектілігін айқындайды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төменгідей шараларды іске асыру ұсынылады:

1. Барлық мемлекеттік органдарда, оның ішінде құқық қорғау және арнайы органдарда, сондай-ақ облыстық, республикалық маңызы бар қала мен астана деңгейден төмен жергілікті өкілдік және атқарушы органдарда өзге қызмет түрлерімен біріктірілмейтін, босатылған әдеп жөніндегі уәкіл лауазымын енгізу.

2. Әдеп жөніндегі уәкілдердің дербес мәртебесін нығайту мақсатында олардың тиісті мемлекеттік орган басшысына көлденең бағыныштылығын жойып, уәкілетті органға ғана тік бағыныштылығы мен есептілігін сақтау қажет.

3. Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызмет тиімділігін арттыру мақсатында олардың өкілеттіктерін кеңейту қажет. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгіну және олардың мүдделерін сотта қорғау, сондай-ақ мемлекеттік орган басшысына және жоғары тұрған орган басшысына мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған шешімдердің, оның ішінде заңсыз тәртіптік жазалардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізу құқығын беру ұсынылады.

4. Әдеп жөніндегі уәкілдердің есептілігіне қойылатын талаптарды күшейтіп, бекітілген нысанда көзделген көрсеткіштер қамтылмаған есептерді қабылдамау қажет.

5. Мемлекеттік қызметшілерге анкеталық сауалнама жүргізу барысында сұрақнамаға енгізілетін мәселелердің тізбесін кеңейту қажет. Бұл ретте қызметтік әдеп стандарттарының барлық талаптарын, соның ішінде белгіленген шектеулер мен тыйымдардың сақталуын, сондай-ақ азаматтармен өзара қарым-қатынаста әдеп нормаларының орындалуын толық қамту ұсынылады.

6. Әдеп жөніндегі уәкілдер туралы Ережесінің 6-тармағында олардың белгіленген мерзімділікпен тұрақты оқытудан өту міндетін бекіту қажет.

7. Қоғамдық кеңестердің отырыстарында аталған мәселелерді қарау, сондай-ақ әдеп жөніндегі уәкілдердің жанынан құрамына қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және мемлекеттік органдар қызметінің тақырыптарын ілгерлетіп жүрген танымал блогерлер кіретін консультативтік-кеңесші органдар құру арқылы азаматтық қоғам институттарын уәкілдердің қызметіне тарту қажет.

8. Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереженің 6-тармағында мемлекеттік органдар мен олардың басшыларының уәкілдің ұсынымдары мен ұсыныстарын нақты белгіленген мерзімде қарау міндетін бекітіп, олармен келіспеген жағдайда бас тартуды негіздеу талаптарын айқындау қажет.

9. Әдептілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын бақылау жүйесінде жазалауға негізделген тәсілден құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған ынталандырушы тәсілге көшу қажет. Бұл материалдық және моральдық көтермелеу тетіктерін енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдептілік рейтингін қалыптастыруды көздейді.

10. Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметінің тиімділігін арттыру үшін олардың негізгі функцияларынан туындайтын көрсеткіштерді айқындау маңызды:

1) тәртіптік құқықбұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (анықталған және алдын алынған тәртіптік және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың саны, мүдделер қақтығысы жағдайлары және олардың қайталануы);

2) азаматтардың өтініштерімен жұмыс және мемлекеттік қызметке деген сенім деңгейі (қаралған өтініштер саны және олар бойынша қабылданған шаралар, қарау мерзімдерінің орташа ұзақтығы, азаматтардың қанағаттану деңгейі мен мемлекеттік органға деген сенімі, жария жанжалдардың саны, мемлекеттік органның ашықтық индексі);

3) мемлекеттік қызметшілерге консультативтік көмек көрсету (өткізілген консультациялар саны, консультация беру формалары, мемлекеттік қызметшілердің ақпараттану деңгейі, бір мәселелер бойынша қайталама өтініштердің үлесі);

4) мемлекеттік қызметшілерді этика мәселелері бойынша оқыту (өткізілген семинарлар, тренингтер және өзге де іс-шаралар саны, қамтылған қызметкерлер саны, оқыту деңгейі және кейінгі тиімділік бағасы, кейістер мен тәжірибелерді енгізу деңгейі);

5) ұжымда этикалық мәдениетті қалыптастыру (қызметкерлердің анонимді сауалнамаларының нәтижелері, мемлекеттік орган басшылығына және әдеп жөніндегі уәкілге деген сенім деңгейі, жанжалдық жағдайлардың саны).

Әдеп нормаларының сақталуын тиімді бақылау жеткілікті қаржыландыруды, уәкілетті органдардың тәуелсіздігін, жүйелі білім беру бағдарламаларын және қоғамның белсенді қатысуын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Аталған мәселелерді шешу мемлекеттік қызметтегі ашықтық пен жауапкершілік деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің № BR 27195163 «Қазақстанның мемлекеттік қызметіндегі ұйымдық мәдениетті трансформациялау архитектурасы» тақырыбындағы ғылыми жобаны гранттық қаржыландыру аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)

2 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000153> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)

3 «Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының м.а. 2017 жылғы 4 тамыздағы № 156 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015534> (өтініш берілген күн: 03.03.2026)

4 «2023 жылдың I жартыжылдығы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілінің жұмысының есебі» / Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитеті. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/article/details/131533> (өтініш берілген күн: 04.03.2026)

5 Отчет о работе Уполномоченного по этике территориального департамента Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по Северо-

Казахстанской области за I полугодие 2024 года. URL: <http://ishimochka.kz/index.php/2013-11-19-09-20-57/5492-otchet-o-rabote-upolnomochennogo-po-etike-za-i-polugodie-2024-goda> (дата обращения: 04.03.2026)

6 Джаненова С. Этика на госслужбе: «презумпция невиновности», менталитет или миссия выполняема? Пять причин низкой эффективности института уполномоченных по этике. URL: <https://vlast.kz/politika/23155-etika-na-gossluzbe-prezumpcia-nevinovnosti-mentalitet-ili-missia-vypolnima.html> (дата обращения: 04.03.2026)

7 Джаненова С., Карибай А., Тлеухан Р. Успехи и барьеры в продвижении этики государственной службы в Казахстане: взгляд уполномоченных по этике // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. Халықаралық ғылыми-талдау журнал. Public administration and civil service. International scientific-analytical journal. – 2017. – № 3. – С. 29–40.

8 Давлетбаева Ж.Ж., Загребин А.В. Повышение роли этики государственных служащих в вопросах превенции коррупции в Республике Казахстан // Вестник Торайгыров университет. Серия гуманитарная. – 2020. – № 3. – С. 149–162.

9 Brown L. Government Ethics: A Comparative View // Journal of Public Affairs. 2020. Vol. 35. No. 1. P. 15–30. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/pa.1864> (accessed: 05.03.2026)

10 Taylor R. Ethics in Public Administration // Public Management Review. 2019. Vol. 21. No. 2. P. 200–215. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/14719037.2018.1514671> (accessed: 05.03.2026)

11 Karlsson P. Nordic Ethics: A Model for Governance // Scandinavian Journal of Public Administration. 2021. Vol. 25. No. 4. P. 67–85. URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/SJPA-09-2021-0057/full/html> (accessed: 05.03.2026)

12 Quah J.S.T. Defying institutional failure: learning from the experiences of anti-corruption agencies in four Asian countries // Crime, Law and Social Change. 2010. Vol. 53. No. 1. P. 23–54. URL: https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=en&user=_ZqqdFAAAAAJ&citation_for_view=_ZqqdFAAAAAJ:kNdYIX-mwKoC (accessed: 05.03.2026)

REFERENCES

1 «Qazaqstan Respublikasynyñ memlekettik qyzmeti turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵy 23 qaraşadaǵy № 416-V Zańy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (ötiniş berilgen kün: 03.03.2026) (In Kazakh)

2 «Qazaqstan Respublikasynyñ memlekettik qyzmetşileriniñ ädeptilik normalaryn jáne minez-qılıyq qaǵıdalaryn odan ári jetildiru jónindeǵı şaralar turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2015 jylǵy 29 jeltoqsandaǵy № 153 Jarlyǵy. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000153> (ötiniş berilgen kün: 03.03.2026) (In Kazakh)

3 «Ädep jónindeǵı uäkilderdiñ qyzmetiniñ keibir mäseleleri turaly» Qazaqstan Respublikasy Memlekettik qyzmet isteri jáne sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl agenttǵı Töraǵasynyñ m.a. 2017 jylǵy 4 tamyzdaǵy № 156 bürıǵy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015534> (ötiniş berilgen kün: 03.03.2026) (In Kazakh)

4 «2023 jyldyñ I jartyjyldyǵy boıynşa Ädep jónindeǵı uäkılınıñ jumysynyñ esebi» / Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministrліginiñ ıshkı memlekettik audit komiteti. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/article/details/131533> (ötiniş berilgen kün: 04.03.2026) (In Kazakh)

5 Otchet o rabote Upolnomochennogo po jetike territorial'nogo departamenta Komiteta atomnogo i jenergeticheskogo nadzora i kontrolja Ministerstva jenergetiki Respubliki Kazahstan po Severo-Kazahstanskoj oblasti za I polugodie 2024 goda. URL: <http://ishimochka.kz/index.php/2013-11-19-09-20-57/5492-otchet-o-rabote-upolnomochennogo-po-etike-za-i-polugodie-2024-goda> (data obrashhenija: 04.03.2026) (In Russian)

6 Dzhanelova S. Jetika na gossluzhbe: «prezumpcija nevinovnosti», mentalitet ili missija vypolnima? Pjat' prichin nizkoj jeffektivnosti instituta upolnomochennyh po jetike. URL: <https://vlast.kz/politika/23155-etika-na-gossluzbe-prezumpcia-nevinovnosti-mentalitet-ili-missia-vypolnima.html> (data obrashhenija: 04.03.2026) (In Russian)

7 Dzhanelova S., Karibaj A., Tleuhan R. (2017) Uspehi i bar'ery v prodvizhenii jetiki gosudarstvennoj sluzhby v Kazahstane: vzgljad upolnomochennyh po jetike // Memlekettik basqaru zhane memlekettik qyzmet. Halyqaralyq ғылыми-taldau zhurnal. Public administration and civil service. International scientific-analytical journal. No. 3. P. 29–40. (In Russian)

8 Davletbaeva Zh.Zh., Zagrebina A.V. (2020) Povyshenie roli jetiki gosudarstvennyh sluzhashhih v voprosah prevencii korrupcii v Respublike Kazahstan // Vestnik Torajgyrov universitet. Serija gumanitarnaja. No. 3. P. 149–162. (In Russian)

9 Brown L. (2020) Government Ethics: A Comparative View // Journal of Public Affairs. Vol. 35. No. 1. P. 15–30. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1002/pa.1864> (accessed: 05.03.2026) (In English)

10 Taylor R. (2019) Ethics in Public Administration // Public Management Review. Vol. 21. No. 2. P. 200–215. URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/14719037.2018.1514671> (accessed: 05.03.2026) (In English)

1 Karlsson P. (2021) Nordic Ethics: A Model for Governance // Scandinavian Journal of Public Administration. Vol. 25. No. 4. P. 67–85. URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/SJPA-09-2021-0057/full/html> (accessed: 05.03.2026) (In English)

12 Quah J.S.T. (2010) Defying institutional failure: learning from the experiences of anti-corruption agencies in four Asian countries // Crime, Law and Social Change. Vol. 53. No. 1. P. 23–54. URL: https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=en&user=_ZqqdFAAAAAAJ&citation_for_view=_ZqqdFAAAAAAJ:kNdYIx-mwKoC (accessed: 05.03.2026) (In English)

ЖАНУЗАКОВА Л.Т.,^{*1}

д.ю.н., профессор.

*e-mail: l.zhanuzakova.turan-edu-kz

ORCID ID: 0009-0005-0750-2614

БУРИБАЕВ Т.А.,²

д.ю.н., профессор.

e-mail: yermek-a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0433-596X

АМИРОВ Н.К.,³

к.ю.н., ассистент-профессор.

e-mail: nurlan.amirov@narhoz.kz

ORCID ID: 0009-0000-2525-1410

АЛИМБЕТОВА А.Р.,⁴

доктор PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: alimbetova_alida@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8675-9135

¹Институт законодательства и
правовой информации РК,

г. Алматы, Казахстан

²Жетысуский университет,

г. Талдыкорган, Казахстан

³Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

⁴Алматинский гуманитарно-экономический
университет,

г. Алматы, Казахстан

УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ПО ЭТИКЕ В СИСТЕМЕ КОНТРОЛЯ ЗА СОБЛЮДЕНИЕМ СЛУЖЕБНОЙ ЭТИКИ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ СЛУЖАЩИМИ

Аннотация

Статья посвящена анализу системы государственного контроля за соблюдением этических принципов и стандартов на государственной службе Республики Казахстан как ключевого инструмента обеспечения законности, добросовестности и общественного доверия к деятельности государственных органов. Рассматривается значение этических норм для предупреждения коррупции, конфликта интересов и злоупотребления служебными полномочиями. Особое внимание уделяется институциональным механизмам государственного контроля, включая деятельность уполномоченных по этике, советов, комиссий и иных контрольных органов в этой области. Анализируются формы и методы государственного контроля: нормативно-правовое регулирование, мониторинг поведения государственных служащих, проведение служебных расследований и применение мер ответственности. Изучен зарубежный опыт системы государственного контроля за соблюдением этических и антикоррупционных норм на государственной службе. В статье подчеркивается роль профилактики нарушений этических стандартов, формирования культуры служебного поведения и повышения уровня правовой и этической грамотности государственных служащих. Сделан вывод о том, что эффективность государственного контроля во многом зависит от согласованности правовых, организационных и воспитатель-

ных мер, прозрачности и подотчетности государственной службы. Результаты исследования могут быть использованы при дальнейшем совершенствовании системы регулирования вопросов этики и механизмов контроля в сфере государственной службы.

Ключевые слова: государственная служба, государственный контроль, государственный служащий, конфликт интересов, коррупция, уполномоченный по этике, этические нормы.

ZHANUZAKOVA L.T.,*¹

d.l.s., professor.

*e-mail: l.zhanuzakova.turan-edu-kz

ORCID ID: 0009-0005-0750-2614

BURIBAYEV E.A.,²

d.l.s., professor.

e-mail: yermek-a@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0433-596X

AMIROV N.K.,³

c.l.s., assistant professor.

e-mail: nurlan.amirov@narhoz.kz

ORCID ID: 0009-0000-2525-1410

ALIMBETOVA A.R.,⁴

PhD, associate professor.

e-mail: alimbetova_alida@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8675-9135

¹Institute of Legislation and Legal Information of RK,

Almaty, Kazakhstan

²Zhetysu University,

Taldykorgan, Kazakhstan

³Narhoz University,

Almaty, Kazakhstan

⁴Almaty Humanitarian and Economic University,

Almaty, Kazakhstan

ETHICS COMMISSIONER IN THE SYSTEM OF MONITORING COMPLIANCE WITH ETHICS BY CIVIL SERVANTS

Abstract

The article is devoted to the analysis of the system of state control over compliance with ethical principles and standards in the civil service of the Republic of Kazakhstan as a key instrument for ensuring legality, integrity, and public trust in the activities of public authorities. The significance of ethical norms in preventing corruption, conflicts of interest, and abuse of official powers is examined. Particular attention is paid to institutional mechanisms of state control, including the activities of ethics commissioners, councils, commissions, and other supervisory bodies in this field. The forms and methods of state control are analyzed, such as legal and regulatory framework, monitoring of civil servants' conduct, conducting internal investigations, and the application of liability measures. The article also explores foreign experience in state control systems for compliance with ethical and anti-corruption standards in the civil service. Emphasis is placed on the role of prevention of ethical violations, the formation of a culture of official conduct, and the enhancement of legal and ethical awareness among civil servants. It is concluded that the effectiveness of state control largely depends on the coherence of legal, organizational, and educational measures, as well as on the transparency and accountability of the civil service. The results of the study may be used in further improving the system of ethical regulation and control mechanisms in the civil service.

Keywords: civil service, state control, civil servant, conflict of interests, corruption, Ethics Commissioner, ethical standards.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 10.01.2026